

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 ақпан N 257. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Жоғары аттестациялық комиссиясын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 қаңтардағы N 61 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 20 ақпандағы
N 257 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Жоғары аттестациялық комитеті туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті (бұдан әрі - ЖАК) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құзыреті шегінде арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. ЖАК өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге

а с ы р а д ы .

3. ЖАК мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банкте шоттары болады.

ЖАК өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Егер, оған заңнамаға сәйкес өкілеттілік берілген болса, онда ЖАК-тың мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуына құқығы бар.

4. ЖАК өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті түрде күші болатын бұйрықтар шығарады.

5. ЖАК-тың құрылымы мен штат саны лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. ЖАК-тың заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 480100, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28.<*>

Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.25. N 1007 қаулысымен.

7. ЖАК-тың толық атауы - "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы ереже ЖАК-тың құрылтайшылық құжаты болып табылады.

9. ЖАК-тың қызметін қаржыландыру тек қана республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

ЖАК-қа оның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

ЖАК-қа кіріс беретін қызметті жүзеге асыруға заңнамалық кесімдермен құқық берілген жағдайда, онда осындай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. ЖАК-тың негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. ЖАК-тың негізгі міндеттері:

1) жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді кезеңге арналған жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау жүйесін дамытудың жоспарлары мен болжамдарын әзірлеу;

3) қызметті үйлестіру диссертациялық және сараптамалық кеңестердің желісін қалыптастыру және бақылау;

4) бірыңғай талаптарға сәйкес ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру туралы аттестациялық істер қарауды мемлекеттік реттеу;

5) ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларға, бағдарламаларға сараптама жүргізуге қатысу болып табылады.

11. ЖАК өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және аттестациялау бағыттарын айқындауға қатысады;

2) ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы заңнаманың қолданылу практикасын талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

3) өз құзыреті шегінде заңнамалық және өзге де құқықтық кесімдердің ж о б а л а р ы н ә з і р л е й д і ;

4) Ғылыми қызметкерлердің мамандықтар номенклатурасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) бекітуге ұсынады;

5) басқа елдердің ұлттық мемлекеттік аттестациялау органдары берген ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтары бар азаматтардың құжаттарын нострификациялауды жүргізуді ұйымдастырады;

6) олардың меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдардағы, жоғары оқу орындарындағы диссертациялық кеңестер желісін оңтайландыру бойынша ұсыныстар қалыптастырады және дайындайды;

7) диссертациялық кеңестердің дербес құрамын, олар бойынша кеңестерге диссертациялар қорғауға қабылдау құқығын беретін ғылыми мамандықтар мен салалардың тізбесін Министрлікке бекітуге ұсынады;

8) ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру туралы аттестациялық істерді қарайды және олар бойынша қойылатын бірыңғай талаптарға сәйкес шешім қабылдайды, мемлекеттің атынан дипломдар мен аттестаттарды ресімдеу және б е р у д і жү з е г е а с ы р а д ы ;

9) кандидаттық емтихандардың бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

10) диссертациялық жұмыстарды, аттестациялық істерді сараптауға ақы төлеуді жүзеге асырады;

11) Министрлікке ұсыну үшін кандидаттық және/немесе докторлық диссертацияларды қорғау және ғылыми атақтар беру жөніндегі диссертациялық кеңестердің ашылуы, сондай-ақ көзделген жағдайларда олардың жабылуы туралы шешімдер дайындайды;

12) жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы ұйымдардың қызметіне талдау жасауды және мониторингті жүзеге асырады;

13) ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

14) баспа қызметін жүзеге асырады;

15) оған заңнамада жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін ЖАК өз құзыреті шеңберінде және заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) нормативтік құқықтық кесімдер қабылдауға;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және лауазымды адамдардан ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және аттестациялау мәселелері бойынша ақпарат сұратуға және алуға;

3) ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру мәселелері бойынша мемлекет атынан түпкілікті шешімдер қабылдауға;

4) шет елдердің мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен шарттар жасасу туралы келіссөздер жүргізуге және ұсыныстар енгізуге;

5) жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және аттестациялау проблемаларын шешу жөніндегі ұсыныстар дайындау үшін отандық, соның ішінде шетелдік жетекші ғалымдар мен мамандарды тартуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. Мүлкі

13. ЖАК-тың жедел басқару құқығымен оқшауланған мүлкі болады.

14. ЖАК-қа бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. ЖАК-тың өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде ЖАК-қа мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. ЖАК-тың қызметін ұйымдастыру

16. ЖАК-ты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

ЖАК Төрағасының ұсынуы бойынша ЖАК Төрағасының Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. ЖАК-тың Төрағасы ЖАК-тың жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, ЖАК-қа жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын

жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

18. Осы мақсатта ЖАК-тың Төрағасы:

1) өзінің орынбасарлары және ЖАК-тың құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес ЖАК қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен ЖАК қызметкерлерін көтермелеу және оларға тәртіптік жазалар қолдану туралы шешімдер қабылдайды;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) ЖАК-тың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ЖАК-тың мүддесін білдіреді;

7) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. ЖАК-тың жанында ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау саласындағы маңызды проблемаларды талқылау үшін оны Төраға басқаратын консультативтік-кеңесші орган - ЖАК-тың Төралқасы құрылады. ЖАК Төралқасының құрамына ЖАК-тың Төрағасы, оның орынбасарлары, бас ғылыми хатшы және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі айқындайтын өзге де адамдар енеді.

ЖАК-тың Төралқасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі бекітетін, ол туралы Ереже негізінде жұмыс істейді.

5. Қайта ұйымдастыру және тарату

20. ЖАК-ты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 20 ақпандағы

№ 257 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің
құрылымы**

Б а с ш ы л ы қ

Жоғары білікті кадрларды даярлау және құжаттарды ресімдеу басқармасы
Физика-математика, техника ғылымдары, жер және ғарыш туралы ғылымдар
ж ө н і н д е г і б ө л і м

Медицина, ауыл шаруашылығы және ветеринарлық ғылымдар жөніндегі
б ө л і м

Химия және биология ғылымдары жөніндегі бөлім

Гуманитарлық ғылымдар жөніндегі бөлім
Бағдарламаларды, жобаларды сараптау бөлімі
Қаржы-экономикалық бөлім

Ұйымдастыру бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК